

Топбасы Жаңылай Жұлдызбекқызы

*Silkway Халықаралық университеті Педагогикалық факультетінің 2 курс
магистранты, п.ғ.д., профессор Молдабек Қ.
Шымкент, Қазақстан*

1-СЫНЫП ОҚУШЫЛАРЫНА БАЙЛАНЫСТЫРЫП СӨЙЛЕУДІ ҮЙРЕТУ

Адамның қалыптасуында оның балалық, жастық кезеңдерінде көрген тәрбиесі мен алған өнегесі маңызды орын алады. Қазіргі таңда баланың даму кезеңдерін анықтауда ортаның әлеуметтік жағдайы, жетекші әрекет түрі, әр кезеңдегі жаңа жетістік нәтижесі секілді негізгі өлшем басшылыққа алынатыны белгілі. «Дамудың әлеуметтік жағдайы» ұғымы баланың қоршаған ортамен әлеуметтік қарым-қатынасының ерекшелігіне сай анықталады.

Білім беруді қоғам мүддесіне сәйкес қайта құру, оқыту мен тәрбиелеу мазмұнын жаңарту, әдебиет пен мәдениетті өркендету бағытында бірсыпыра шаралар жүзеге асырылып, жаңа оқу бағдарламалары мен оқулықтар, оқу-әдістемелік құралдар жасалып, мектеп пен балабақша өміріне енгізілді. Мұнда көзделген ең басты мәселелердің бірі – болашақта қоғам мүддесін өтеуге қабілетті, жан-жақты дамыған, өз еліне сүйіспеншілігі зор тұлғаны қалыптастыру.

М.Тұрскелдина еліміздегі қазақ балабақшалары мен бастауыш мектеп дене тәрбиесінің негізін салушы ретінде осы пәннің мемлекеттік стандартын, тұжырымдамаларын, 1–4-сыныптарға арналған бағдарламалар мен әдістемелік құралдар жазды. Әдіскер-ғалым Ә.Әмірова «Балаларды әдебиет арқылы адамгершілікке тәрбиелеу» атты монографиясында мектепке дейінгі ұйымдарда тәрбиелеу мен оқыту үрдісінде балалар әдебиетінің озық үлгілерін пайдаланудың педагогикалық негіздері мен әдістемелерін көрсетеді.

Мектеп жасына дейінгі балалардың байланыстырып сөйлеуін қалыптастыруда сөйлеу мәдениетіне ерекше мән беру қажет екені белгілі. Сондықтан да А. Қаленованың «Қазақ отбасындағы мектеп жасына дейінгі балалардың қарым-қатынас мәдениетін қалыптастыру» атты зерттеу

еңбегінде тіл мәдениетінің теориялық негізінде ұсынған сөйлеу мәдениетінің белгілерін көрсетуі – аса зор жетістік .

Тіл мәнері – сөйлеушінің сөзді мәнеріне келтіре, көңіл-күйге сәйкес эмоционалды сөйлей білуі. Бұл көрсетілген сөйлеу мәдениеті дұрыс қалыптасқан жағдайда ғана балалардың байланыстырып сөйлеуін қалыптастыруға болатынын атап өту қажет.

«Мектепалды дайындығында оқу тәрбие үрдісінде балалар әдебиетін пайдалануды» зерттеген Ш.Таубаева мектепке дейінгі ұйымдарда және мектеп жағдайында баланы мектепке дайындау барысында қолданылатын «Балбөбек», «Балабақшада 5-7 жастағы балаларды мектепалды даярлау», «Мектепалды даярлық бағдарламасы», «Отбасында және балабақшада баланы мектепке дайындау» т.б. бағдарламаларындағы көркем әдебиет бөлімін жан-жақты қарастыра отырып, мазмұнын толықтыру мақсатында қосымша бағдарлама жасаған. Зерттеу тақырыбына байланысты қазіргі кезде пайдаланып жүрген оқу-әдістемелік құралдарды саралай келе, баланы мектепке дайындауда тәрбиешілер басшылыққа алатын оқытудың жаңа технологияларын пайдалану жолдарын көрсететін әдістемелік нұсқау дайындаған.

Қазақ бастауыш сыныптары үшін тіл дамыту жұмысының тұтас ғылыми жүйесін жасаған ғалым С.Рахметова өз еңбектерінде ауызша, жазбаша сөйлеу тілін дамытудың ең жоғарғы деңгейі байланыстыра сөйлеуге (монологті түрде) үйрету екенін анықтап берген.

Н.Слаббекова «Ауызша, жазбаша монологті байланыстыра сөйлеу жеке-жеке сөйлемдер құрастыруды емес, бірнеше сөйлемнің басын құрап, әрі грамматикалық, әрі мағыналық жағынан байланыстырып, тұтас мәтін түрінде сөйлеуді талап етеді. Демек, байланыстырып сөйлеудің түпкі нәтижесі шығарма, әңгіме, яғни мәтін болуы тиіс» деген тұжырым жасаған.

Әдістемеші ғалымдар Т.Уәйісова, М.Ермекбаевтар бастауыш сынып оқушыларының байланыстырып сөйлеуін сөздік жұмысы арқылы қалыптастыруды ұсынған.

Бұл жұмыста бастауыш сыныпта ауызша байланыстырып сөйлеуді

дамытуда мәтіннің үлкен мүмкіншілігі бар екендігі ашылады.

Ә.Жұмабаева сауат ашудың әр кезеңдерінде жүргізілетін байланыстырып сөйлеу жұмыстарының жүйесі мен құрылымын көрсетіп берген.

Сауат ашу кезеңінде тілді дамыту мәселесін қарастырған Ә.Жұмабаеваның шығармашылық арқылы тіл дамытуды зерттеген Б.Қабатайдың шағын комплектілі мектепте тіл дамыту әдістемесін жасаған Н.Сламбекованың ғылыми еңбектері 1-сынып оқушыларын байланыстырып сөйлеуге үйретудің әдістемелік негіздерін анықтауға, зерттеуге қажетті теориялық білімді іріктеуге мүмкіндік берді.

Жоғарыдағы әдістемеші ғалымдардың еңбектерін зерделей келе, зерттеуде төмендегідей талаптар:

- мәнерлеп оқудың маңызы;
- сөйлеу мен әңгімелеп беруге дағдыланудың негізгі тәсілдері;
- байланыстырып сөйлеудің түпкі нәтижесі – шығарма, әңгіме, яғни мәтін және т.б. басшылыққа алынды.

Дегенмен зерттеулерде байланыстырып сөйлеуге үйрету арқылы қазақ тілін оқыту жолдары көрсетілмегенімен, олардың көзқарастары мен ой-тұжырымдары 1-сыныпта байланыстырып сөйлеуге үйрету арқылы қазақ тілін оқыту әдістемесін жасауға негіз болды.

С.Рахметова, Ә.Жұмабаева, Н.Сламбекова, т.б. ғалымдардың еңбектерін зерделей отырып, «байланыстырып сөйлеу», «байланыстырып сөйлеуге үйрету» ұғымдарының мәні анықталды. Сөйтіп байланыстырып сөйлеу дегеніміз – логика мен грамматиканың заңы бойынша құрылған, белгілі бір тақырыпта аяқталған ойды білдіретін және өзара байланысты азды-көпті бөліктерден тұратын біртұтастық; байланыстырып сөйлеуге үйрету – ауызша, жазбаша сөйлеу тілін дамытудың ең жоғарғы деңгейі деген қорытынды жасалды.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Қапенова А.Ә. Қазақ отбасындағы мектеп жасына дейінгі балалардың қарым-қатынас мәдениетін қалыптастыру: пед. ғыл. канд... автореф. 13.00.01. – Алматы, 2004. – 25 б.